

УДК 341.1/8

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қаражан Бекмырза Серікұлы

bkarazhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық құқық кафедрасының 1-курс докторанты

Адамзат дамуы әрқашанда бірқалыпты болған емес. Дүниеде ақ пен қара қатар жүретіні белгілі. Түрлі табиғи апаттарды былай қойғанда, әлем екі дүниежүзілік соғысты бастан кешірді. Осы залалдарда адам шығындары да орын алды. Мәселен, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, түрлі деректер бойынша елу миллионға жуық адам қаза тапты.

Мемлекеттер апатты жағдай кезінде оның алдын алу, салдарын төмендету жолында түрлі шаралар қолданады. Осындай шаралардың бірі – мемлекет аумағында төтенше жағдай режимін енгізу. Төтенше жағдай режимін енгізу нәтижелі шара болып есептелгенмен, бұл уақытта адам құқықтары тиісті деңгейде сақталмауы ықтимал. Халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңнаманы саралай отырып, осы мәселені талдап көрдік.

Ең алдымен, төтенше жағдайдың мемлекет аумағында енгізудің құқықтық негіздерін қарастырып өтсек. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы «Төтенше жағдай туралы» N 387 Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясы, аталмыш Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері төтенше жағдайды енгізудің құқықтық негізі болып табылады [1]. Дәл осы заңда, сонымен қатар, «төтенше жағдай» терминіне анықтама беріліп те кеткен: «Төтенше жағдай –

азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара». Көріп отырғандарыңыздай, бұл анықтаманың өзінде-ақ жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың құқықтары шектелуі мүмкін екендігі анық айтылған.

Осы жерде адам құқықтары мен бостандықтарын құқықтық шектеу институтына тоқтала кеткен жөн деп санаймыз. Біз білетіндей, 1948 жылғы БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, сонымен қатар, 1966 жылғы азаматтық және саяси құқықтар туралы, экономикалық, әлеуметтік, және мәдени құқықтар туралы пакттерде адамдардың негізгі құқықтары белгілі бір жағдайларда шектелу мүмкіндігі қарастырылған: «Мемлекеттегі төтенше жағдай ұлт өміріне қауып төндірген күнде, және ол ресми түрде жарияланған болса, пактіге қатысушы мемлекеттер осы пакті бойынша өз міндеттерінен жалтару шараларын қиын жағдайдың шиеленісі талап ететін дәрежеде ғана және бұл шаралар халықаралық құқық бойынша басқа да міндеттемелеріне қайшы келмейтін жағдайда және нәсілге, түр-түске, жынысқа, тілге, дінге немесе әлеуметтік текке негізделген кемсітуге әкеліп соқпайтын жағдайда ғана қолдана алады» [2]. Атазаңымыздың 39-бабының 1-тармағына сәйкес, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін [3].

Жоғарыда аталған «Төтенше жағдайлар туралы» заңға сәйкес, келесі негізгі шектеулер енгізілуі мүмкін:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуін күшейту;

2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың жанындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру;

4) төтенше жағдай енгізілген жерге немесе Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, сондай-ақ олардан шығуға шектеу белгілеу;

5) жиналыстарды, митингілер мен демонстрацияларды, шерулер мен тосқауылдарға тұруды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ туумен, үйлену тойымен, қайтыс болумен байланысты отбасылық салт-жораларды өткізуге тыйым салу немесе шек қою;

6) ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тыйым салу;

7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды пайдаланатын заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру;

8) егер төтенше мән-жайларға байланысты материалдық және мәдени құндылықтардың жойылуының, ұрлануының немесе бүлінуінің нақты қаупі болса, оларды қауіпсіз аудандарға көшіру;

9) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде ол қолданылатын бүкіл кезең ішінде сайлау және республикалық референдумдар өткізуге тыйым салу;

10) үкіметтік байланысты қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұру.

Аталмыш заңның 4-бабы, 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілгендей шекара арқылы жаппай өту, конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, терроризм, жаппай тәртіпсіздік т.б. көрсетілген кезеңдерде төмендегі шектеулер енгізіледі:

1) коменданттық сағат енгізу;

1-1) аумақтық қорғаныс іс-шараларын жүргізу;

2) баспа басылымдарының міндетті даналары мен радио және телехабарларының материалдарын сұратып алу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе тоқтату;

4) көшіру-көбейту техникасын, радио және телехабарларын беру аппаратурасын, дыбыс және бейнежазба техникасын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу, сондай-ақ дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды уақытша алып қою;

5) азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды сатудың, сатып алудың және бөлудің ерекше тәртібін орнату;

6) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және қаржылай қаражаттың бірден бірге өтуін қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруына шек қою;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға шек қою немесе тыйым салу, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режим белгілеу;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардан қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою.

Дүлей зілзала, экологиялық дағдарыс, эпидемия, биологиялық қауіпті заттар жайылған тағы да басқа заңның 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер енгізіледі:

1) тұрғындарды оларға міндетті түрде уақытша тұрғын үй-жайлар бере отырып қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру;

2) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық резервті пайдалану, заңды тұлғалардың ресурстарын тарту, олардың жұмыс режимін өзгерту және төтенше жағдай кезінде қажетті өнімдер шығаруға қайта бағдарлау;

4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, еңбекке жарамды тұрғындарды және жеке тұлғалардың көлік құралдарын аталған жұмыстарды жүргізуге тарту.

Бүгінгі күні, өкінішке орай, өршіп кеткен, жалпақ халық үшін «Коронавирус» аталынып кеткен COVID-19 пандемиясының әлем бойынша таралуына байланысты көптеген мемлекеттер өз аумақтарына төтенше жағдай режимін енгізіп жатыр. Сол мемлекеттер қатарына біздің ел де кіреді. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы 2020 ж. 15 наурыздағы өз Жарлығымен ел аумағында төтенше жағдай енгізді. Жарлықтың 3 тармағына сәйкес келесі шараларға шектеулер қойылды:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық, ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2) ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылсын;

3) сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметі тоқтатыла тұрсын;

4) карантин енгізілсін, санитариялық-эпидемияға қарсы ауқымды іс-шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және ішкі істер органдарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен жүзеге асырылсын;

5) ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, атаулы іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;

6) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің дипломатиялық қызметінің персоналын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруымен Қазақстан Республикасына келетін халықаралық ұйымдар делегацияларының мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына көліктің барлық түрлерімен кіруге, сондай-ақ оның аумағынан шығуға шектеулер белгіленсін [4]. Бұл шектеулерден адамдардың негізгі құқықтары шектелгенін байқаймыз.

Адам құқықтарының бір бөлігіне мұндай шектеулердің енгізілуі, шын мәнінде, олардың басқа да құқықтарын, атап айтқанда денсаулыққа құқығын, қауіпсіз қоршаған ортаға құқығын, қауіпсіздікке құқықтарын қорғауға бағытталған.

Дей тұрғанмен, мұндай шектеулердің өз өлшемшарттары және шегі болады. Өкінішке орай, бұл сұраққа нақты жауап беру белгілі бір қиындықтар туғызып отыр және ғалымдардың арасында ортақ пікір қалыптаса қойған жоқ. Олардың көпшілігі адам құқықтарын шектеу институтында «орындылық» және «өлшемдестік» қағидаларын қолдайды. Яғни, ел аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, адам құқықтарын шектеу үшін барлық жағынан алып қарағанда өте маңызды негіз болу керек. Бұл жағдайда мемлекет аумағында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен олардың конституциялық құқықтарын шектеу арасында «өлшемдестік», яғни пропорция сақталу керек. Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдайлар туралы» заңының 17-бабында төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс деп көрсетілген [1].

Жалпы мемлекет төтенше жағдай кезінде адамдарға барлық қолайлы жағдайды жасап беруге тырысады және міндеттенеді. Заңда айтылғандай, төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беріледі, материалдық зиянның орны толтырылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шекте қажетті көмек беріледі [1].

Тіпті, адам құқықтарын сақтау мәселелері аймақтық деңгейде бірқатар халықаралық ұйымдар, бірлестіктер аясында қарастырылады. Мәселен, Еуропа аймағына Адам құқықтары жөнінде еуропалық конвенция жұмыс істесе, біздің елге қатысты ТМД, ҰҚШҰ (ОДКБ), ШЫҰ сияқты үкіметаралық ұйымдар аясында қамтылған. Мәскеу қаласында 2005 жылы 26 қазанда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы мемлекеттері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісім дәл осындай апатты жағдайларда адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында өзара көмек көрсету мүмкіндігін қарастырады [5].

Адам құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету халықаралық құқықтың негізгі назарында болатын мәселелер. Оларды құқықтық шектеу институтын пайдаланып, асыра пайдалануға жол берілмейді. Төтенше жағдай кезінде орын алатын адам құқықтарын шектеулер олардың басқа да құқықтарын, атап айтқанда денсаулыққа, қауіпсіз қоршаған ортаға құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің мемлекетіміздің тарихында да мұндай жағдайлар тәжірибе жүзінде орын алды. Дегенмен, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде дегендей, мұндай төтенше жағдайлардың ел аумағында болдырмауға бар күшті жұмсау керек екендігі хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы «Төтенше жағдай туралы» N 387 Заңы / Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық

- құқықтық жүйесі URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387> (қаралған уақыты: 31.03.2020).
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) / Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> (қаралған уақыты: 31.03.2020).
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution (қаралған уақыты: 31.03.2020).
4. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты URL: http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasynda-totenshe-zhagdaidy-engizu-turaly (қаралған уақыты: 31.03.2020).
5. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісім / Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000257> (қаралған уақыты: 31.03.2020).